**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі**
**Мәдениет комитетінің**
**«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК**

# 2022 жылы атқарылған жұмыстар есебі



**Сарайшық 2023**

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі**
**Мәдениет комитетінің**
**«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК**

# 2022 жылы атқарылған жұмыстар есебі

**Сарайшық 2023**

**Есеп құрылымы**

Кіріспе . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 4

1 Музей-қорық туралы мәлімет . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 5

2 Кадрлық қызмет . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 5

2.1 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 7

3 Ғылыми кеңес жұмысы . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 7

4 Ғылыми- техникалық кеңестер . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .12

5 Ел Президенті жолдаулары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 13

6 «Сарайшық сапар орталығы жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 15

7 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 17

7.1 Жарық көрген еңбектер . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 17

7.2 Музей-қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстел және семинарлар . . . 19

7.3 Музей-қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстелдерге қатысуы . . . . . . . 25

8 Мәдени білім беру, дәрістер . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 36

9 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 41

9.1 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 41

9.2 Ғылыми жобалар . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 43

9.3 Экспедициялар . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 44

9.4 Архив жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 49

9.5 Археология жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 52

9.5.1 Ортағасырлық Сарайшықтағы «Хан моласы» . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 58

10 Ғылыми қор және музей қызмет көрсету жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 61

10.1 Қор жұмысы . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 61

10.2 Музей-қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы . . . . . . . . . . . . . . . .. . . . . .. . . 61

10.3 Ғылыми кітапхана . . . . . . . . . . . . . . . . . .. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 64

10.4 Экспозиция-көрме жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 65

10.5 Реставрация жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .. . . . . . . . . . . . . . . . . 70

10.6 Экскурсия . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . ... . . . 73

11 Музей-қорық ақпараттық-насихаттық жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . .. . . . . . . .... 75

11.1 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының (бұдан әрі – Музей-қорық) қызметін және ортағасырлық Сарайшық қаласын насихаттауы . . . . . . . . . . .. . . . . 75
.

11.2 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» қызметкерлерінің газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .76

11.3 «Сарайшық» қаласы және музей-қорыққа байланысты газет беттерінде жарық көрген мақалалар . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .81

11.4 Музей-қорық сайтында, әлеуметтік желілерде насихатталуы . . . . . . . . .. . . . . . . . . . 85

12 Әкімшілік-құқықтық жұмыстар . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 95

12.1 Тәжірибе алмасу, халықаралық байланыс және ынтымақтастық жұмыстары . . . . . . 95

12.2 Ынтымақтастық жұмыстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 98

13 Мәдени-көпшілік шаралар . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 102

13.1 Онлайн шаралар . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .. . . . . . . . . . . . . . . . 102

13.2 Әлеуметтік желі арқылы көрсетілген танымдық материалдар . . . . . . . . . . . . . . . . . 117

13.3 Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған шаралар . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 118

13.4 Атаулы мерекелер күні . . . .. . .. . . .. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .. . . . . . . . 121

13.5 18 мамыр – Халықаралық музей күні . . . . . .. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 124

14 Қаржы және мемлекеттік сатып алулар . . .. . . . . . . . . . . . .. . . . . . . . . . . . . . . . . . . 124

15 Шаруашылық жұмыстары . . . .. . .. . . . . . . .. . . . . .. . .. . . . .. . . . . . . . . . . . . . . 126

Қорытынды . .. . . . . . . . . . . . . .. .. .. .. . . . . . . . . .. . . . . . .. . . . . .. . . .. . . . .. . . . . . . . . . 127

## Кіріспе

Сарайшық – Ұлық Ұлыс хандары мен қазақтың әйгілі Қасым ханы билік құрып, мүрделері жатқан киелі топырақ. Бүгінде Сарайшықты көруге, зиярат етуге еліміз бен шетелдерден сан мыңдаған туристері келіп кетеді.

2022 жылғы 8 қарашада Президент Қ. Тоқаевтың Атырауға жасаған сапарында Сарайшықты туристік нысан ретінде дамыту қажеттігін, «Ортағасырлық Сарайшық» жобасын соңына дейін жеткізу мен арнайы визит орталықты уақытылы іске қосудың маңыздылығын баса айтты. «Сапар орталығының» құрылысы Сарайшықтың мәдени мұрасын еліміз бен шет елдерде насихаттауға жол ашады. «Сапар орталығы» тек Сарайшық қаласының ғана емес, сонымен бірге, Қазақстандағы Ұлық ұлыс – Алтын Орданың басты музейі болуы тиіс деген мақсатты ұстаны келеміз. Тарихшылар, ғалымдар тарапынан орталықтың сыртқы келбетін өзгерту жөнінде ұсыныс айтылды. Өйткені нысанның сыртқы келбеті ортағасырлық стильге сай келмейтін еді. Туристер «Сапар орталығына» келген кезде Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығының астанасы болған ортағасырлық Сарайшықтың көрінісін беретін, XIV-XV ғасырдағы шығыстық қала сәулетіне тән ғимарат болуы қажеттігі айтылды. Осы ұсынысты аудан басшыларына көтеріп, қолдауға ие болдық. Махамбет аудан басшысының бастамасымен алғашқы қалалық дәстүрге лайықтап, ғимараттың сызбасы жасалып, бой көтеруде. Музей экспозициясының концепциясы толық жасақталып, министрліктен қолдау тапты. Республикалық бюджеттен «Сапар орталығының» музейін экспозициялау жұмыстарына қаражат бөлінді. Мемлекеттік порталға орналастырылып, ашық конкурс жарияланып, Қазақстандағы тәжірибелі компаниялардың бірі ұтып алып, қазіргі таңда жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда музей-қорық мамандары ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткішін дамытудың тұжырымдамасын дайындауда.

Музей-қорық ағымдағы жылы ортағасырлық Сарайшықтан табылған жәдігерлерді музей-қорық қорына қайтаруда. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің музей қорынан ортағасырлық Сарайшық тарихын айқындайтын екі дана жәдігерді қабылдады. Бүгінде тағы да жәдігерлерді қайтару бойынша жұмыстар атқарылуда.

Дайындалған жылдық есеп кіріспеден және 15 тараудан тұрады. Соңында қорытынды берілген.

## 1 Музей-қорық туралы мәлімет

1.1. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның қызметінің мақсаты мәдениет саласындағы ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру және танымдық-туристік қызметті, оның ішінде тарихи-мәдени мұраны сақтауды, оны танымал етуді жүзеге асыру болып табылады.

1.2.Музей – қорыққа келушілерге жұмыс уақыты: 9:00 - 18:30.

Музей-қорық келушілер үшін демалыссыз, түскі үзіліссіз жұмыс жасайды.

1.3.Музей – қорық директоры – Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы.

1.4. Байланыс телефоны: 8 (71236) 2 55 06.

## 2 Кадрлық қызмет

Музей қорықта штат бойынша 34 бірлік бар.




Бүгінде 30 штатқа адам алынған. Олардың арасында 1 ғылым докторы, 1 PhD, 1 ғылым кандидаты, 4 магистр бар. Ғылыми-жоба жұмыстарына өзге мекемелерден 2 ғылым докторы, 2 ғылым кандидаты, 2 магистр тартылған. 2022 жылда музей қорықта 1 – ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі», 2 – «Алғыс хатымен» марапатталды.

4 бірлік бос (пиар менеджер, АҒҚ, КҒҚ, әдіскер)

Музей қызметкерлерінің жұмыс өтілі

| 1-5 жыл | 6- 10 жыл | 11- 20 жыл | 21- 30 жыл |
|---|---|---|---|
| 13 | 2 | 1 | 14 |




18-27жас // 5 28-45жас // 9 46-59 жас// 11 60 жастан жоғары // 5

Орта білімділер - 9 адам
Жоғары білімділер –21 адам

Ғылыми атағы барлар
Доктор - 1
PhD - 1
Кандидат – 1
Магистр – 4



## 2.1 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай «Сарайшық» музей-қорығының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің марапаттары табысталды. Музей-қорықтың суретші-қалпына келтіруші О.Кендір «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, экскурсовод Н.Картанбаева мен музей қараушы А.Умбетова «Алғыс хатпен» марапатталды.

https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/pcb.5590269847652574/5590267947652764/




## 3 Ғылыми кеңес жұмысы

Музей - қорықта 2019 жылдан бастап Ғылыми кеңес жұмыс жасайды. Кеңеске облыс аумағынан белді ғалымдар, өлкетанушылар, мекеме басшылары, БАҚ өкілдері тартылған. 2022 жылғы жоспар бойынша 3 Ғылыми кеңес өткізу қарастырылған. Ғылыми кеңес жұмыс жоспары 2021 жылдың қорытындысы бойынша 2021 жылы талқыланып бекітілген. 2022 жылы жоспарланған 3 Ғылыми кеңес ұйымдастырылды.

Алғашқы №1 Ғылыми кеңес 2022 жылдың 30 наурызында өткізілді. Ғылыми кеңеске Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессорлары т.ғ.д., Л.Бердіғожин, т.ғ.д. Ұ.Ахметова, т.ғ.д., А.Ахмет, т.ғ.к. Ж.Мұстафин, а.ш.ғ.д., Биология, геоэкология және құрғақ жемшөп өндірудің ғылыми-өндірістік орталығының жетекшісі Б.Мұхамбетов, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Үздік өлкетанушысы Т.Жаңабай, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР ЖҒА-ның академигі, өлкетанушы Ө.Әлімгерей, Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы басшысының орынбасары Ф. Байдәулетов, Сарайшық ауылдық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Х.Сисенғалиев, ауыл ардагерлері И.Сұлтанов, Ж.Құралбаева, Ғ.Амиров және музей-қорық қызметкерлері қатысты.

Күн тәртібіне «Сарайшық» сапар орталығының музейін экспозициялау, 2022 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстары, далалық экспедициялар мен «Хан моласы» археологиялық қазбасы жұмыстарына дайындық, «І Сарайшық оқулары – 2022» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына дайындық және музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтардың «Сарытоғай ауылының тарихы» монографиясын баспаға ұсыну мәселелері шығарылды. Отырыста Ғылыми Кеңес мүшелері мен шақырылған қонақтар өз ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, көтерілген мәселелерді бірауыздан қолдады.



Ғылыми кеңестің келесі №2 отырысы 2022 жылдың 23 қыркүйегінде өткізілді. Бұл ғылыми кеңестің ерекшелігі кеңес отырысына Қазақстан және Ресей ғалымдарының қатысуымен ерекшеленеді.

Ғылыми кеңеске археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Елеуов (Қазақстан, Алматы), нумизмат, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор П.Н. Петров (Ресей, Нижный Новгород), археолог В.В. Плахов (Ресей, Астрахань), М.С. Қасенов тарих ғылымдарының кандидаты, (Қазақстан, Атырау), этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж. Ерназаров (Қазақстан, Орал қ.), Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректор аппаратының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты Г.Қайырғалиева, Ғылыми кеңес мүшелері: тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Мұстафин, жоба жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Ұ.Т. Ахметова, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессоры, «Мәңгілік Ел» Ғылыми зерттеу орталығының директоры А.Қ. Ахмет, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Үздік өлкетанушысы Т. Жаңабай, өлкетанушы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ҚР ЖҒА-ның академигі Ө.Әлімгерей, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі директоры, магистр, тарихшы М.Қ. Кипиев, Сарайшық ауылы ардагерлері Х.Сисенғалиев, Н.Құрмашев, Б.Айдашев және музей қызметкерлері қатысты. Ең алдымен Ғылыми кеңес мүшелері мен шақырылған қонақтарды музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар «Сарайшық» сапар орталығы құрылысымен таныстырды. Ғылым кеңес күн тәртібінде 2 мәселе: «Әлемдік музейлер және олардың озық тәжірибелері» (О. Сағынбаева) және «Музей-қорықта атқарылған реставрациялық жұмыстар» (О. Кендір) тыңдалынды. Ағымдағы мәселелерде:

1. 2022 жылғы «Хан моласы» орнындағы ізденістер (Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, т.ғ.к., археолог М. Касенов)

2. 2022 жылғы ортағасырлық Сарайшықтағы Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының тапсырысы бойынша жүргізілген қазба жұмысының есебі (Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, археолог М. Қасенов)

3. «Сарайшық» музей-қорығының №3 қазба орнында жүргізілген қазба жұмыстарының есебі (археолог, магистр А.Жумабаев)

4. Сарайшық археологиясының келешегі (Ресей археологы В.В. Плахов)

5. Сарайшық музей-қорығындағы ҚР Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмасы бойынша атқарылып жатқан ғылыми жобалардың нәтижелері (ғылыми жобалар жетекшісі т.ғ.д., профессор Ұ. Ахметова)

6. Далалық барлау экспедициясының есебі (бас инспектор, археолог А.Тұрарұлы)

7. Қазақстандағы Ұлы Жібек жолы тармақтары және Сарайшық (т.ғ.д., профессор М.Елеуов)

8. Сарайшық тиындарын тазалау жұмыстары және алғашқы қорытындылары (аға ғылыми қызметкер, т.ғ.к., нумизмат П.Н. Петров)

9. Ортағасырлық Сарайшықтағы этнографиялық зерттеулер (т.ғ.к., этнограф Ж.Т. Ерназаров)

10. «Лагерная система в Прикаспийском регионе Казахстана.1932-1953 гг.» атты құжаттар және материалдар жинағын шығару туралы (ғалым-хатшы А.Жумабаев)

11. Т.ғ.к., профессор П.Н. Петровтың «Джучидская нумизматика и монетный двор Сарайшык» брошюрасын баспадан шығару туралы (ғалым-хатшы А.Жумабаев)

12. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында қолөнер, сурет және жәдігерлерді қалпына келтіру лабораториясын ашу туралы (ғалым-хатшы А.Жумабаев)

13. «Ортағасырлық Сарайшықтың қорғау аймағы» және оны бекіту жұмыстары (бас инспектор, археолог А.Тұрарұлы) мәселелері көтеріліп, тыңдалды. Ғылыми кеңес қатысушылары Сарайшықта жүргізіліп жатырған жұмыстарға оң бағаларын беріп, ұсыныс пікірлерін білдірді. Ғылыми кеңесте басты жаңалықтардың бірі алтынордалық мекен Қарағайлының ашылуы болды.





«Сарайшық» музей-қорығында кезекті #3 Ғылыми кеңес отырысы 2023 жылдың 10 қаңтарында өтті. Ғылыми кеңеске т.ғ.к. Ж.Мұстафин, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессоры, «Мәңгілік Ел» Ғылыми зерттеу орталығының директоры, т.ғ.д. А.Қ. Ахмет, т.ғ.к., археолог М. Касенов, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Үздік өлкетанушысы Т. Жаңабай, өлкетанушы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ҚР ЖҒА-ның академигі Ө. Әлімгерей, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі директоры, магистр, тарихшы М.Қ. Кипиев, Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы басшысы Т. Достыбаев, журналистер Ж. Қалым, Қ. Айтқалиев, Сарайшық ауылы ардагерлері Х. Сисенғалиев, Н. Құрмашев, Г. Амиров және музей-қорық қызметкерлері қатысты.

Кеңесте музей-қорық директоры, профессор Ә. Мұқтар «2022 жылғы атқарылған жұмыстар қорытындылары және алдағы келелі мәселелер», бас есепші А. Қайреденова «Музей-қорықтың 2022 жылғы қаржылық есебі» баяндамасы тыңдалды. Кеңес барысында «Сапар орталығын музейлендірудің бүгінгі жайы және болашағы», «2022 жылғы археологиялық зерттеулер және олардың нәтижелері», «Музей-қорықтың Қазақстан Республикасындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерге қатысуы және олардың нәтижелері», «Музей-қорықтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары», «Музей-қорықтың әлеуметтік желілермен жұмысы», «Мекеменің 2022 жылғы жұмыс жоспарының және Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы», «Ғылыми кеңестің құрамына өзгерістер енгізу», «Мекеменің 2023 жылғы жұмыс жоспары және Ғылыми кеңес жоспарын бекіту», «Ортағасырлық Сарайшықты археологиялық зерттеу және ішінара қалпына келтіру тұжырымдамасы» бойынша талқылаулар болды. Жиын соңында Ғылыми Кеңестің қаулысы қабылданды.

**ҚАУЛЫ**

| № | Атауы | Мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | Музей-қорық директоры Ә. Мұқтардың «2022 жылғы атқарылған жұмыстар қорытындысы» есебі қанағаттанарлық деп есептелсін. | қаңтар, 2023 |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | 2023 жылға арналған «Музей-қорықтың жұмыс жоспары» сапалы атқарылсын. | жыл бойына |
| 3 | Жаңа музей экспозициясы жаңа жәдігерлермен толықтырылсын. | жыл бойына |
| 4 | «Ортағасырлық Сарайшықты археологиялық зерттеу және ішінара қалпына келтіру тұжырымдамасы» толықтырылып, ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне ұсынылсын. | ақпан, 2023 |
| 5 | «Сарайшық» сапар орталығының ашылуы жоғары деңгейде ұйымдастырылсын. | сәуір, 2023 |
| 6 | Ортағасырлық Сарайшықтағы ғылыми зерттеулер, экспедициялар жалғастырылсын. | жыл бойына |
| 7 | Музей-қорықтың халықаралық байланыстары аясы кеңейтілсін. | жыл бойына |
| 8 | Музей-қорықтың қызметі аясында ақылы көрмелерді ұйымдастыруға назар аударылсын. | жыл бойына |
| 9 | Сапар орталығы аумағын абаттандыру жүзеге асырылсын. | жыл бойына |
| 10 | «ІІ Сарайшық оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы оффлайн/онлайн форматында сапалы өткізілсін. | сәуір, 2023 |
| 11 | Кітапхана қоры толықтырылсын. | жыл бойына |
| 12 | Жергілікті мамандарды дайындау қолға алынсын. | жыл бойына |





## 4 Ғылыми- техникалық кеңестер

«Сарайшық» музей-қорығы ұйымдастыруымен 2022 жылдың 22 қыркүйегінде «Ортағасырлық Сарайшықтағы археологиялық нысандарды сақтау» тақырыбында ғылыми-техникалық кеңес өтті. Модератор Ә.Мұқтар іс-шараның мәніне тоқталып, Кеңесте айтылатын ұсыныстардың Мәдениет және спорт министрлігіне жолданатынын жеткізді. Музей-қорықтың бас инспекторы А.Тұрарұлы түгелге жуық саз балшықтан тұрғызылған көне қалалардың сақталуы өзекті мәселе екенін көтерді. Саз балшықты ғимараттар табиғи әсерлерге төтеп бере алмайтынын айта келе, әр нысанды жел, күн, судан қорғай алатындай толықтай жабудың тиімді технологиясын қолдануды ұсынды. Археолог В.Плахов саз балшықтан жасалған ғимараттарды сақтаудың тиімді түрлері шетелдерде қолданыста бар екенін, сол қолданылған материалдарды Сарайшықта пайдаланудың жолын табуды айтып өтті. Археолог М.Елеуов шетелдерде әр археологиялық нысан жеке-жеке шынымен жабулы тұратынын айтты. Үстімен адам жүрседе сынбайтын мықты шынылар қолданыста екенін, сол технологияларды елімізде пайдалануды ұсынды. Сондай-ақ елімізде реставрациялық жұмыстарға монополия орнату ол жұмыстардың өте қымбатқа шығатынына себеп екенін атап өтті. «Сондықтан бәсекелес орта қалыптастыру керек. Сарайшықтағы «Хан моласы» нысанын сақтауға қазірден бастап кіріспесек, кеш қалуымыз мүмкін» деді профессор М.Елеуов.

Кеңеске қатысушылар Сарайшықтан әр тарапқа бағытталған сауда жолдарының музей-қорық археологтары анықтаған маршруттарын оң бағалап, ғылыми зерделеуді жалғастыра беруді мақұлдады.






**5 Ел Президенті жолдаулары**

2022 жылдың 1 қыркүйегінде ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұжымы Жолдау мәтінімен танысып, жаңа саяси жаңғырулар мен ел әлеуметтік-экономикалық дамуында оң өзгерістер күтілуде деп санады. Президенттің «мемлекеттік органдардың игерілмеген қаражатты келесі жылға қалдыруына мүмкіндік беріп, ақшаны бюджетке қайтарудың тиімсіз тәртібінен құтылуды» ұсынуы бюджет саясатына игі ықпалы болады деп санаймыз. Мемлекеттік сатып алуда сапаға басты назар аудару да өзекті мәселе. Кадрлық резервті нығайту орынды көтеріліп отыр. Президент бізді Әділетті Қазақстанды бірге

құруға шақырды. Біздің мақсатымыз – бүкіл ел болып жұмылып, жолдауда көтерілген игі бастамаларды іске асыру болып табылады.



2022 жылғы 8 қарашада Президент Қ. Тоқаевтың Атырауға жасаған сапарында Сарайшықты туристік нысан ретінде дамыту қажеттігін айтты. Соның ішінде Сарайшықты ел ішінде және шет мемлекеттерде дәріптеуімізге болатынын, «Ортағасырлық Сарайшық» жобасын соңына дейін жеткізу керек екендігін, визит-орталықты уақытылы іске қосу маңыздылығын, көне қаланың танымалдылығын арттыруға арналған тұжырымдама жасау керектігін ерекше атап өтті. Қазіргі таңда Сарайшықтағы сапар орталығы құрылысында музейлендіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Музей-қорық ұжымы Ортағасырлық Сарайшықты дамытуға арналған тұжырымдаманы дайындау үстінде.



## 6 «Сарайшық сапар орталығы» жұмыстары

«Сапар орталығын музейлендіру мәселелері» туралы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының №1 Ғылыми кеңесте музейлендіру концепциясы таныстырылды.



2022 жылдың 25 наурызында Республика Парламенті Сенатының депутаттары Ғұмар Дүйсембаев пен Сағындық Лұқпанов Атырау облысындағы жұмыс сапарында 2021 жылы іргетасы қаланып, биыл пайдалануға тапсырылуы тиіс Сарайшық сапаржайының құрылыс алаңында болған депутаттар ондағы жұмыс барысымен танысты.





2022 жылдың 16 шілдесінде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК «Сарайшық» сапар орталығында мультимедиялық музей экспозициясын құру» бойынша мемлекеттік сатып алу порталына ашық конкурс жарияланды. 9 тамызда өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталып, комиссия құрамдарымен бірлесе отырып өтінім қалдырған өнім берушілердің құжаттары техникалық ерекшелікке сай қаралды. Өтінім қалдырған мекемелер: "Каз НИПИ МК" ЖШС және "Jana mura" ЖШС.

"Каз НИПИ МК" ЖШС-ң құжатары техникалық ерекшелікке сай қабылданып, жеңімпаз деп танылып, 2022 жылдың 1-ші қыркүйегінде 93 000 000 (тоқсан үш миллион) теңгеге №28 келісім шарт жасақталды. Жұмыстың орындалу уақыты 28 желтоқсан болғанымен құрылыс жұмыстары аяқталмауына байланысты келісім шарт 2023 жылдың 28 ақпанына дейін ұзартылды.

Үнемделген 7 000 000 (жеті миллион) теңге қаражатқа «Сарайшық» сапар орталығында мультимедиялық музей экспозициясын қосымша құру және әзірлеу жұмыстарына 2022 жылдың 9-шы қарашасында бағалы ұсыныс жарияланды. Бағалы ұсыныс нәтижесінде "TORUS.KZ" ЖШС жеңімпаз атанып 2022 жылдың 21 қарашасында №44 келісім шарт жасақталды. Келісім шарт негізінде жұмыстар толықтай орындалды.

## 7 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары

«Сарайшық» музей-қорығы қазіргі таңда ғылыми зерттеу жұмыстарына басым бағыт беріп келеді. Осы бағытта ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер және семинарлар ұйымдастырылды, бірқатар ғылыми еңбектер мақалалар жарияланды.

### 7.1 Жарық көрген еңбектер

#### 7.1.1 2022 жылы 1 жинақ жарық көрді:

Музей қорық Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2020-2022 жылдарға гранттық қаржыландыруы бойынша АР08856940 «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» жобасы аясында «Лагерная система в Прикаспийском регионе Казахстана (1932–1953 гг.)» атты материалдар және құжаттар жинағын жариялады. Жинақ Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының Ғылыми Кеңесінен 2022 жылдың 23 қыркүйегінде талқыдан өтіп, мақұлданды. Жинақ алдын-ала Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы Х.Әбжановқа және ГУЛАГ тарихының маманы, тарих ғылымдарының докторы, профессор С. Дильмановқа жіберіліп, сырт пікірлері алынып, рецензияланды. Құжаттар мен материалдар жинағы жалпы 376 бет санын құрайды. Жинақта Қазақстан Республикасы архивтері мен Ресей Федерациясының мемлекеттік архивтері, сондай-ақ ведомстволық архив құжаттары енгізілген. Еңбек алғысөзден, кірісპеден, негізгі үш тараудан, архив құжаттары мен материалдары сақталған орнының, арнайы терминдер мен атауларының, қысқарған және аббревиатуралық тізімдері берілген.



**7.1.2 Музей қорық ұйымдастыруымен өткен 1 конференция материалдары пдф форматта жарық көрді:**

- І "Сарайшық оқулары-2022" (2022 жылы 12 сәуір) Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы электронды пдф форматта жарық көрді (http://saraishyq.kz/kk/ylym-zertte-jumystary/konferenc-a/596-i-sarajshy-o-ulary-2022-respublikaly-ylymi-t-zhiribelik-konferentsiyasy-tude).

**7.1.3 3 флаер дайындалды:**

- Ортағасырлық Сарайшық зерттеулері
- Әлемдік карталар
- Қасым хан және Сарайшық

**7.1.4 Буклет брошюралар жарық көрді:**

Буклеттер, брошюралар дайындау бойынша «Ортағасырлық Сарайшық», «Музей тарихы», «Секер көл», «Сарайшық Ұлы Жібек жолы», «Әлкей Марғұлан», «Сарайшық жәдігерлері» тақырыбында материалдар дайындады. Нумизмат П.Н. Петровтың «Джучидская нумизматика и монетный двор Сарайчук» атты еңбегі айналымға қосылды. Осы негізде жасалған баспа өнімдері музей-қорықтан сауда-саттыққа шығарылды.



**Жарық көрген еңбектер**




| | 2020 | 2021 | 2022 |
|---|---|---|---|
| Жинақ | 2 | 4 | 1 |
| Буклет, брошюра | 2 | 3 | 7 |
| Конференция материалдары | 1 | 2 | 1 |
| Флаер | 0 | 2 | 3 |

Жинақ ■ Буклет, брошюра ■ Конференция материалдары ■ Флаер

### 7.2 Музей-қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстел және семинарлар

2022 жылғы 12 сәуірде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ұйымдастыруымен «Сарайшық оқулары - 2022» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді. Конференцияға Махамбет ауданы әкімінің орынбасары С.Е. Аманшиева қатысып, конференция жұмысының сәтті өтуіне лебізін білдірді. Пленарлық мәжілісте Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен т.ғ.д., профессор Л.Бердіғожин «Қазақстандағы қуғын-сүргін және оның зерттеу мәселелері», т.ғ.к., профессор Ш. Нағымов «Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығындағы Алтынордалық деректер», т.ғ.к., археолог М. Касенов «Таскешу» керуен-сарайы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті, т.ғ.к., Ж. Ерназаров «К вопросу о применении метода археолого-этнографической аналогии в археологических исследованиях (на примере городища Сарайшық)», «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері Б.Байболов «Музей қорындағы жазба мұралары», Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің ғылыми қызметкері, магистр Д.Сарбаев «Становление и развитие Актюбинского губернского отдела народного образования (1920-е гг.)», дарынды балаларға арналған №30 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі, магистр (Атырау қаласы) М. Утепкалиева «Тарих сабақтарында өлкетану материалдарын қолдану», «Сарайшық» музей-қорығы ғылыми қызметкер, магистр А. Жұмабаев «Қасым ханның жерленген орнын іздеу және оның алғашқы нәтижелері» тақырыптарында тың баяндамалар жасады. Конференцияға баяндамасын ұсынған әр қатысушы өз өлкесі тарихын тың деректермен толықтырды. Конференциясының секциялық отырыстарында өлкетанушылар, мектеп мұғалімдері мен оқушылар баяндама жасады. Секция отырысы соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды.





2022 жылғы 23 маусымда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы «Ортағасырлық Сарайшық археологиясының мәселелері» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Дөңгелек үстелге ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры, т.ғ.к. А. Оңғар және мекеменің ғылым жөніндегі орынбасары Т. Мамыров, «Қазқайтажаңарту» ШЖҚ РМК ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының басшысы Б. Мыржиев, РФ Астрахань қаласынан археолог В. Плахов, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Е. Айболдинов, т.ғ.к. Ж. Мұстафин, археолог, т.ғ.к. М.

Касенов, т.ғ.к. Г. Қайырғалиева, археолог, магистр А. Заинов, Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы қызметкерлері М. Әбдіғалиев, Ғ. Базарбаев және музей-қорық қызметкерлері қатысты. Жиында Атырау өлкесіндегі, Сарайшық қаласындағы археологиялық қазба жұмыстары және олардың өзекті мәселелері туралы ашық әңгіме болды. Облыста археолог мамандар дайындау мәселелері, зерттеу жұмыстарын ғылыми айналымға енгізу мәселелері талқыланды.



2022 жылдың 8 шілдесінде «Өткеніміз болашақтың тілімен: тарихи экспозициялардағы жаңа медиа» ғылыми-тәжірибелік семинарын өткізілді. Семинардың мақсаты – өткен тарихтың мән-мағынасы мен эстетикасын заманауи өнер мен техника арқылы жеткізу тәсілдерін талқылау, тәжірибе алмасу, музей келушілерінің санын арттыруға тиімді бағыттарды енгізу.

Семинарға «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы, «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени мемлекеттік қорық-музейі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, "Ордабасы" тарихи-мәдени ұлттық музей-қорығы, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі, Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінің өкілдері қатысты. Тақырып аясында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының ғалым-хатшысы Р. Елекенова «Заманауи үлгіде жасақталған музей», «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының ғылыми қызметкері Д. Жұмаханұлы «Музей – ел тарихының айнасы», Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің ғылыми-зерттеуді қамтамасыз ету (қазіргі заман тарихы) секторының маманы, т.ғ.к. А. Карамурзина «Өткеніміз болашақтың тілімен: тарихи экспозициялардағы жаңа медиа», Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Г. Оразалиева «Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық батпақты қалалар», «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас қор сақтаушысы О. Сағынбаева «Музейдің жаңа жобалары» атты баяндамалар жасады.




2022 жылғы 21 қыркүйекте Қазақстан және Ресейдің белгілі ғалымдарының қатысуымен «Көне керуен жолдары және оның бойындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу мәселелері» тақырыбында далалық семинар өтті. Семинар Сарайшық елді мекенінен 20 шақырым жерде жаңадан анықталған Қарағайлы мекенінде ұйымдастырылды.

Шараға археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Елеуов (Қазақстан, Алматы), тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қ. Мұқтар (Қазақстан, Сарайшық), тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Ұ.Т. Ахметова (Қазақстан, Атырау), нумизмат тарих ғылымдарының кандидаты, профессор П.Н. Петров (Ресей, Москва), археолог В.В. Плахов (Ресей, Астрахань), тарих ғылымдарының кандидаты М.С. Қасенов (Қазақстан, Атырау), этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж. Ерназаров (Қазақстан, Орал қ.), археолог, өлкетанушы А. Тұрарұлы, археолог, магистр А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев, Н. Жексенбаев және БАҚ өкілдері қатысты. Семинар барысында ғалымдар Қарағайлы ескерткішіне байланысты мазмұнды ойларымен бөлісті. Археологтар М.Елеуов және В.Плахов бұл аймақта сауда жолы бойында үлкен мекен болғандығын айта келе, табылған ғимаратты мазар деп болжайтын пікірін білдірді. Нумизмат П.Петров сол жердің өзінде табылған тиындарға байланысты, бұл тиындар Өзбек ханның билігі кезіне жатады деді. Археолог М.Қасенов «бұл аймақта Сарайшықтан басқа күйген кірпіштен жасалған осындай кешен алғаш кездескенін» айтты. Жиын соңында ғалымдар анықталған мекенді зерттеу, сақтау және қайта қалпына келтіру туралы пікір білдірді.



2022 жылғы 22 қыркүйекте Сарайшықтан оңтүстік бағытқа шыққан далалық семинарға қатысушылар Қарабай, Жорғатай қорымы маңында зерттеу-барлау жұмыстарын жүргізді. Барлау жұмыстары барысында Жорғатай қорымы маңынан анықталған алтынордалық мекеннің жәдігерлеріне сараптама жасады. Жұмыс барысында ғалымдар Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетімен бірлесіп дөңгелек үстел өтті. Университетте профессор М. Елеуов «Қазіргі қазақстандық археология ғылымы», нумизмат П. Петров «Сарайшық қаласының нумизматикасы», археолог В. Плахов «Археология ғылымындағы өзара ғылыми байланыстар», этнограф Ж. Ерназаров «Жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми байланыстар» тақырыбында сөз сөйледі.



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ұйымдастыруымен Сарайшық ауылына қарасы мекемелерінің қатысуымен «Жемқорлық қоғам дерті» атты дөңгелек үстел өтті.



2022 жылдың 17 қарашасында «Сарайшық» музей-қорығы ағымдағы жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының ақпараты, нәтижелері және жетістіктерін қорытындылау мақсатында «Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция өткізді.

Шараға «Астана» халықаралық университеті, PhD Е. Кариев «Қызылқоға ауданы Миялы қорымындағы 2022 жылғы зерттеулердің алғашқы қорытындылары», Назарбаев университетінің ассистенті, докторант А. Жүнісханов «Ақбауыр II қонысында 2022 жылы жүргізілген далалық зерттеулердің алғашқы қорытындысы», «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының аға ғылыми қызметкері Қ. Абильмаликов «Археологические исследования на поселении Ботай в 2022 году», Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің археология ғылыми-зерттеу секторының ғылыми қызметкері, т.ғ.к., археолог М. Қасенов «Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің 2022 жылға археологиялық барлау жұмыстары», Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты А. Молдахмет «Сырдарияның төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінің қалаларына жүргізілген археологиялық зерттеулер», «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас инспекторы, археолог А. Тұрарұлы «2022 жылы «Сарайшық» музей-қорығының жаңадан анықтаған археологиялық ескерткіштері» және «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкері, магистр Ж. Байғалиев «Сарайшықтағы №3 қазба орнында жүргізілген жұмыстар» тақырыбында баяндамалар жасалды. Жиын соңында қатысушылар сұрақтарына жауаптар беріліп, өзара пікір алмасылды. Одан өзге, конференцияны жыл сайын өткізіп тұруға ұсыныс жасалып, мазмұнды ойлар қорытындыланды.




«Ортағасырлық Сарайшықтың бас жоспарын» талқылауға арналған 2022 жылдың 22 қарашасында дөңгелек үстел өтті. Жиналғандарды ортағасырлық Сарайшықты дамытудың бас жоспарымен «Қазқайтажаңарту» ШЖҚ РМК ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының басшысы Б. Мыржиев таныстырды. Жоспарды талқылауға археологтар, өлкетанушылар, облыстық мекемелер басшылары, Сарайшық ауылдық округі әкімі, ауылдың белсенді ақсақалдары қатысты. Пікірталас барысында ауыл тұрғындары атынан көне деректерде жазылған мұнараларды бас жоспарға енгізу, ортағасырлық Сарайшықтағы әулиелердің орнына белгі орнату, ескерткіш орнын абаттандыру, қала орнындағы зиратты қоршау туралы ұсыныстар айтылып, назарға алынды.






### 7.3 Музей-қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстелдерге, форумдарға, жас ғалымдар байқауына қатысуы

2022 жылы 24 ақпанда ғылыми қызметкер Ж.Байғалиев Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ұйымдастырылған ғылыми кітапхана қорына қосылған «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында мемлекеттік тілге аударылған кітаптарды талдауға қатысты. Бас қосуда т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры У.Ахметова, Ж.Байғалиев және тарих мамандығының 4-ші курс студенті И.Айса Л. Джордpraнованың «Тарихи білім: пәні және

зерттеу әдістері» атты кітабының жалпы мазмұнын және тараулардың негізгі мағынасын талқылады.



Жас ғалымдарға арналған облыстық, республикалық ғылыми жобаларға қатысудан бөлімнің кіші ғылыми қызметкері Ж.Байғалиев 4-6 сәуір аралығында Алматы қаласында өткен «Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы аясында республикалық байқауға қатысты. Байқауда «Түркі әлеміндегі Сарайшық: тарихы және ұрпақтар сабақтастығы» ғылыми жобасы бойынша баяндама жасап жүлделі II орынды иеленді.



Бас инспектор А.Тұрарұлы Алматы қаласында 12 сәуір - Ғылым қызметкерлері күні аясында өткен «Марғұлан оқулары – 2022» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысты. Шараны ұйымдастырушылар - Ә.Марғұлан атындағы Археология институты мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Конференцияға еліміздегі және шетелдегі жетекші ғалым археологтар қатысты. Конференцияда А. Тұрарұлы Сарайшықта 2021 жылы атқарылған археологиялық жұмыстар қорытындысы бойынша баяндама жасады.



12 сәуір Ғылым қызметкерлері күні "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры, тарих-ғылымдарының докторы, профессор Ә.Мұқтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым қызметкерлер күніне арналған “Жаңа Қазақстан -қуатты ғылым” тақырыбындағы жиынына қатысты.



12 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Мәдениет және спорт министрі Д.Ә.Абаевтың қатысуымен «Қолданыстағы заңнама контекстіндегі археологияның өзекті мәселелері» тақырыбында конференция ұйымдастырылды. Конференцияға еліміздегі белді археологтар, облыстардағы тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу, сақтаумен айналысатын мекемелер, музей-қорықтар басшылары қатысты.

Маңызды мәселелер көтерілген жиында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, т.ғ.д. Ә.Мұқтар сөз сөйлеп, археологиялық зерттеулердің жүйелілігін қалыптастыру, яғни қазба-консервация-музейлендіру бағыты бойынша жұмыстар жүргізуді, шетел архивтеріндегі елімізге қатысты дереккөздерді алдыру жөнінде, тарихи тұлғаларды зерттеу ісінде радиокөміртегі әдісімен уақытын анықтау, генетикалық зерттеулермен тегін анықтау зертханаларын елімізде құру қажеттілігі туралы өзекті мәселелерді айтып өтті. Сондай-ақ, мәдени құнды заттар табылған жағдайда тапқан тұлғаның оны мемлекетке өткізіп алу мәселесін де көтерді.

Конференцияны қорытындылаған министр Д.Абаев археологтарға алдағы жаңа маусымда жаңа мол олжалар ашуды тіледі.



Музей қызметкерлері арасында өтетін танымдық дәрістерге, семинар-тренингтерге, т.б. шараларға қызметкерлерді қатыстыруды қамтамасыз ету мақсатында 25 мамыр күні "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметкерлері Ж.Байғалиев, Ә.Шеркешбаева және Н.Қартанбаева Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі ұйымдастырған "Музей дәстүрлері, процестері, инновациялық және шығармашылық идеялары" тақырыбындағы республикалық онлайн-форумға қатысты. Форум жұмысы барысында музей мамандары қор жұмыстары, музейлік туризм, экскурсия қызметі, музейлік педагогика, музейлік менеджмент, маркетинг және музейдегі ғылыми-зерттеу жұмысы бағыттарында баяндамалар жасалды.
https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/pcb.5500302559982637/5500301949982698/








«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар 2022 жылғы 27-28 мамырда Алматы қаласында «Ұлт рухы – ұрпақ мұраты» тақырыбындағы Қазақстанның І Мәдениет форумы аясында «Музейлердің жаңа Қазақстанды құрудағы рөлі» атты секция жұмысына қатысты. Форумның музей жұмысы бойынша секциясы Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік өнер музейінде өтті. Жиынға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің басшылары, ғалымдар мен музей қызметкерлері, мәдениет саласының мамандары шақырылған.



“Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ “Х.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы” ҒЗИ, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті, Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы, Атырау қалалық әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілген “Атырау қаласының тарихы: бастауы мен бүгіні” атты дөңгелек үстелге қатысты. Дөңгелек үстелде Атырау облысы тарихының келелі мәселелері туралы айтты. Соның ішінде Сарайшық тарихын, Қасым ханның Сарайшық тарихындағы рөлі және Атырау қаласы тарихының жаңа беттерін жаңаша пайымдады.




9 маусымда кіші ғылыми қызметкері Ж.Байғалиев Түркістан облысы Шәуілдір кентінде «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы ұйымдастырған «Қолөнер-халық қазынасы» атты республикалық қолөнер шеберлері жәрмеңкесіне қатысты. Жәрмеңкеде республикамызға белгілі ағаш, терімен айналысатын шеберлер, тігіншілер мен зергерлердің шеберлік сабақтарына қатысып, өнер туындыларын жасау жолымен танысты.



17 маусымда Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология инситутының ұйымдастыруымен "Атырау облысы тарихының өзекті мәселелері" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Онлайн режимде өткен шараға "Сарайшық" музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар қатысып, ортағасырлық Сарайшық қаласының еліміз тарихындағы маңызы туралы баяндама оқыды. Гранттық жоба негізінде жарық көретін "Атырау облысының тарихы" үш томдығын дайындауға арналған шараға Алматы, Нұр-Сұлтан, Атырау, Орал, т.б.қалалардан тарихшы ғалымдар талқылауға қатысты.




2022 жылдың 22 маусымында музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар 7 том «Тәуелсіз Қазақстан» (Қазіргі Қазақстан тарихы 1991-2022 жж.) академиялық басылымының талқылау жиналасына қатысты.



6 тамыз күні “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкері Т. Мұғиев РФ Тюмень облысы Тоболск қаласында өткен Сібір татарларының XIII Халықаралық “Искер-жыен” фестивалі аясында ұйымдастырылған “Историческая судьба Искера” XIV бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференциясына қатысты. Конференция жұмысында "Сарайшық" музей-қорығы атынан сөз сөйлеп, Сарайшықпен байланысқан Қазақ хандығының, Ноғай ордасының Сібір хандығымен, оның астанасы Искер қаласымен тарихи-мәдени байланысы туралы баяндап, "Сарайшық" музей-қорығы атынан естелік сыйлықтар табыстады.








21 қазанда «Сарайшық» музей-қорығының ғалым-хатшысы А.Жұмабаев «Ботай» музей-қорығының ұйымдастыруымен 25-қазан – Республика күніне арналған «Қазақстан Республикасының қалыптасуы және тарих ғылымының даму аспектілері - стратегия, перспективалар» атты республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференцияға қатысты. Конференция барысында А. Жұмабаев 2022 жылы көне Сарайшықта атқарылып жатырған археологиялық жұмыстар туралы баяндама жасады.



2022 жылдың 23-25 қарашасында тарихи-мәдени мұраларды қорғау бөлімінің ғылыми қызметкері Байғалиев Жүніс Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі ұйымдастырған «Қазіргі отандық музей: жаңа тәсілдер мен өзекті іс-тәжірибелер» атты музей қызметкерлеріне арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар-тренингіне қатысты. Семинар – тренингке кезінде сарапшы-тренерлер ғылыми зерттеулердің өзектілігі, музейлік ғылыми экспедицияларды ұйымдастыру, ғылыми-қор және реставрация жұмысының жалпы әдістемелік мәселелері, музей педагогикасы, музейлік менеджмент және маркетингті дамыту тәжірибелерімен таныстырып, арнайы сертификатпен марапаттады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

ҮЗДІК ЖОБА ОРЫНДАУШЫ

Жүніс Байғалиев

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен
музей қызметкерлеріне арналған
**«Қазіргі отандық музей: жаңа тәсілдер мен өзекті іс-тәжірибелер»**
тақырыбында өткен республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар-тренингте **«Үздік жоба орындаушы»**
номинациясымен марапаттады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
орталық музейінің директоры
_____________ Р. Харипова
23-25 қараша 2022 ж.

«Сарайшық» музей-қорығының қызметкерлері А. Тұрарұлы мен А. Жұмабаев Ақтөбе қаласында өтіп жатқан «Еуразия тарихы мен мәдениеті аясындағы Арал-Каспий аймағы» ІІІ Халықаралық ғылыми конференциясының жұмысына қатысты. Секциялық отырыста А.Тұрарұлы музей-қорықтың 2022 жылы жүргізген археологиялық жұмыстары туралы баяндамасын талқыға салды.



8 қарашада "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қор сақтаушысы Т. Мұғиев Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған «Сариев оқулары: Музейдегі мәдениет әлемі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, "Сарайшық музейінің халықаралық байланысы" тақырыбында баяндама жасады.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=502497975237786&set=pcb.502498878571029




Қор сақтаушы Т. Мұғиев 9 желтоқсан күні ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты "Отырар" мемлекеттік археологиялық музей-қорығының" ұйымдастыруымен өткен «Археологиялық ескерткіштерді зерттеу, сақтау және қайта жаңғырту мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты. Жиында "Сарайшық" музей-қорығының халықаралық деңгейде атқарған жұмыстары туралы "Сарайшық музейінің халықаралық мәдени ынтымақтастығы" тақырыбында баяндама жасады.



13 желтоқсанда «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкері Ж.Байғалиев «Берел» мемлекеттік тарихи – мәдени музей-қорығы ұйымдастырған «Қорғандар құпиясы» атты республикалық дөңгелек үстелге қатысты. Шара онлайн форматта өтті. Дөңгелек үстел аясында «Сарайшық» музей-қорығындағы археологиялық, ғылыми зерттеулер және мәдени шаралар туралы баяндама жасады.







14 желтоқсанда ғылыми қызметкер Ж. Байғалиев «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен өткен «Археологиялық нысандарды сақтау және дәріптеу және оларды мұражайландыру» атты республикалық онлайн конференцияға қатысып, «2022 жылғы «Сарайшық» музей-қорығының далалалық барлау экспедициялары нәтижелері» тақырыбында баяндама жасады.



14 желтоқсанда «Сарайшық» музей-қорығының директоры т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар және ғылыми қызметкер Ж. Байғалиев 16-желтоқсан - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай Махамбет ауданындағы Д. Төленов атындағы мектеп-гимназиясы ұйымдастырған «Тәуелсіздік айбынды ел» атты дөңгелек үстелге қатысып, баяндама жасады.



## 8 Мәдени білім беру, дәрістер

Музей-қорық жылдық жоспарға сай 40 дәріс өткізді. Былтырғы жылы осы уақытта 42 дәріс өткен еді, себебі музей шектеу шараларына байланысты жұмыс форматын онлайнға ауыстырған.

«Жас археолог» үйірмесі аясында 21 қаңтарда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми қызметкері Ж. Байғалиев Атырау қаласындағы №9 жалпы білім беретін Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің 7-11 сынып оқушыларына онлайн форматта дәріс оқыды. Дәрісте оқушыларға алдымен музей-қорық көрме залынан орын алған жәдігерлер туралы мәліметтер беріп, «Жас археолог» үйірмесінің қызметі және мақсат-міндеттерімен таныстырды.



«Сарайшық» музей-қорығы «Жас музейтанушы» үйірмесінің жоспарына сай Атырау қаласындағы А.С.Пушкин атындағы №20 мектеп-лицейдің 8 сынып оқушыларына «Сарайшықтың алғашқы өлкетанушылары» тақырыбымен дәріс өткізді. Дәрісте Сарайшық тарихын насихаттап, ізденіс танытқан жергілікті өлкетанушылар Мұстажап Намазғалиев, Қуанғали Жұмалиев, Молдаш Бердімұратов, Жанұзақ Ғизатов туралы деректер айтылды.




Жұмыс жоспарына сәйкес көрнекті қоғам қайраткерлері М.Мәметова, Р.Бағланова, Х.Доспанованың туғанына 100 жыл мерейтойына арналған «Ұрпаққа үлгі болар қазақтың қайсар қыздары» шарасын өткізді. 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай Қ.Карашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінде дәрістер өткізілді. Дәріскерлер О.Сағынбаева мен Т.Мұғиев мектептің 7, 9, 11 сынып оқушыларына сан қатпарлы тарихымызда аты алтын әріппен жазылған ханымдар туралы баяндап, әсерлі әңгімелеп берді.




«Сарайшық» музей-қорығы Қ.Карашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебіндегі тарих апталығы аясында «Назардағы нәрсе» айдарымен бір жәдігер көрмесін өткізді. Көрмеде жәдігерлермен таныстырушы Н.Қартанбаева оқушыларға музей қорындағы торсық, қамшы, түбектің тарихымен таныстырды. Сонымен қатар «Дәріскерлер лигасы» айдарымен музей қор сақтаушысы О.Сағынбаева бір оқиға желісімен 5 сынып оқушыларына дәріс оқыды. Осы апталықта музейдің ғылыми қызметкері А.Жұмабаев Сарайшық археологтарының қазба жұмыстары туралы дәріс өткізді.

  

Музей-қорықтың аға ғылыми қызметкері, нумизмат П. Петров музей қызметкерлеріне «Жошы Ұлысы нумизматикасы мен Сарайшықтағы ақша сарайы» атты дәрісін өткізді. Дәріс барысында алтынордалық тиындар ерекшеліктері, тиындардың сол кездегі қолданысы туралы, мыс және күміс тиындар эмиссиясы, олардың құндылығы туралы мазмұнды әңгімелеп берді. Музей экскурсоводтары келушілердің тиындарға байланысты жиі қоятын сұрақтарына жауаптар алды. Дәріс музей қызметкерлері үшін пайдалы, ертедегі ақшаларға қатысты ақпараттарға бай болды.



25 қазанда «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкері Ж. Байғалиев «Жас археологтар» үйірмесі аясында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу тәсілдері және Сарайшық археологиясы туралы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті студенттеріне дәріс оқыды. Сондай-ақ далалық қазба жұмыстары жағдайымен қазбаның басында таныстырды.



«Сарайшық» музей-қорығы жылдық жоспарға сай «Дәріскерлер лигасының» кезекті санын Сарайшық музейінің атқарып отырған жұмыстарына арнады. Музей археологтарының осы жылы жүргізген жұмыстары мен жетістіктері, ғылыми қор және музей қызметі бөлімінің «Назардағы нәрсе», «Музейге-сый», «Дәстүрмен кездесу», «Уақыт үзінділері» айдары бойынша ізденістері, сонымен қатар музейдің халықаралық байланысы туралы 16-18 қараша күндері Қ.Карашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінің 6-11 сынып оқушыларына баяндалды.




Ж. Байғалиев Атырау қалалық Ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Жастар рухы» жастар қанаты ұйымдастырған «Ұлттық құндылықтар: тарихи таным құралы ретінде» тақырыбында студент-оқушылармен кездесіп, ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихы,

археологиялық қазба жұмыстары және музей-қорықтағы жәдігерлер туралы арнайы дәріс оқып, кері байланыс жасады. Сонымен қатар, музей-қорықтағы «Жас археолог» үйірмесі жұмысы туралы ақпарат берді.



Ғылыми қызметкер Ж. Байғалиев пен қор сақтаушы Т. Мұғиев Атырау қаласындағы Аграрлық-техникалық колледждің студенттеріне ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихы мен археологиялық қазба жұмыстары және музей-қорықтың халықаралық байланыстары туралы дәріс оқыды.



15 желтоқсанда ҚР Тәуелсіздігі күні қарсаңында Қ. Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі студенттеріне ғылыми қызметкер Ж. Байғалиев ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихы және соңғы жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері туралы дәріс оқыды.




## 9 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі

### 9.1 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жұмыстары

2022 жылдың 15-16 маусым күндері аралығында ортағасырлық Сарайшық қаласының қорғау аумағын анықтау бойынша «Қазқайтажаңарту» ШЖҚ РМК Ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының қызметкерлері: сәулет кандидаты Гүлнар Камалова мен архитектор Руслан Комаев Сарайшықта болып ескерткіш шекараларын анықтау жұмысымен айналысты. Ескерткіш аумағы бойынша жергілікті атқарушы органдармен кездесу өтті. Қорғау аймағы құжаттамасы 2022 жылғы қазан айында жасақталып болып, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі атынан Атырау облысы әкімдігіне шешім қабылдауға жолданды. Құжаттама бойынша ескерткіш аумағы 90,6 га. Құжаттама жасақтау барысында тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі тарапынан барлық ақпараттар, қазба жүргізілген орындар көрсетіліп, олардың ғылыми есептері берілді. Арнайы әуеден түсірілген фотосуреттер жолданды.



Мамырдың 3-12 аралығында Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі бөлім қызметкерлерінің күшімен ортағасырлық Сарайшық қаласындағы консервацияланған нысандарда құландылардан тазалау жұмыстары жүргізілді. Ортағасырлық кесене мен тұрғын үй бөлмелері құланды қалдықтарынан тазаланды.

Сонымен қатар, 2-10 қарашада 2022 жылы барлық қазба жүргізілген нысандар уақытша жабындылармен жабылып, сақтау шаралары қолға алынды. Ашық аспан астындағы қазба нысандарын ауа райы құбылыстарынан жел, жаңбыр, қар, т.б. әсерінен қорғау мақсатында арнайы тұмшалаушы материалдар қолданылды.





Соңғы жылдары Сарайшық қазбаларынан шыққан адам сүйектерін сақтау мақсатында Сарайшық ауылының батыс жағында орналасқан Құлметен зираты маңындағы арнайы орынға қайта жерлеу қолға алынды. 2017 жылғы – 100 ге жуық, 2019 жылғы – 90-ға жуық, 2021 және 2022 жылғы қазбалар кезінде анықталған – 60-ға жуық адам сүйектері осы жерге жиналып, шұңқырларға көмілді. Сарайшық антропологиялық материалдарымен жұмыс істеуге ниет білдіргендер осы орындағы адам сүйектерін зерттей алады.





### 9.2 Ғылыми жобалар

«Сарайшық» музей-қорығы қазіргі таңда ғылыми жобаларды сәтті орындауда. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №5, №8 хаттамаларына сәйкес «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК-ң Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2020-2022 жылдарға гранттық қаржыландыруы бойынша AP08856940 «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» жобасындағы және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалы-нысаналы қаржыландыруы бойынша BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XY ғғ.)»

бағдарламасындағы алға қойылған мақсат-міндеттердің орындалуы толық қолдау тапты. Екі ғылыми жобаның жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Ұлжан Ахметова. Жобалар аясында 1 ғылыми жинақ, 3 Скопус және 4 КОКСНВО базасына енетін журналдарағa мақалалар жарияланды, арнайы Қазақстандағы ГУЛАГ лагерлеріне қатысты интерактивті карта жасалды. Оларға қоса жаңадан Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің 2023-2025 жылдарға жариялаған Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа екі жоба:

1 Каспий өңіріндегі Алтынордалық ескерткіштер тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.) Жетекшісі: т.ғ.д., профессор Ә.Қ. Мұқтар

2 Батыс Қазақстандағы тарихи-мәдени туризмнің кластерлік даму келешегі. Жетекшісі: PhD Э. Имашев

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары ғылым министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша екі жоба тапсырылды.

1 Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.). Жетекшісі: т.ғ.д., профессор Ә.Қ. Мұқтар

2 Каспийдің солтүстік-шығысындағы ГУЛАГ жүйесіндегі ЕТЛ: тарихы және зерттеу қорытындылары (1932-1953 жж.) Жетекшісі: т.ғ.д., профессор Ұ.Т. Ахметова




**9.3 Экспедициялар**

2022 жылғы 4 сәуірден бастап «Сарайшық» музей-қорығының археологиялық экспедициясы Бұғылөзек, Бақсай, Ащысай, Сарыөзек өзектерінің арнасы бойымен археологиялық барлау экспедициясын жүргізді. Жайық өзенінің салалары боп табылатын тұщы су көздері бойымен жаяу шолып жүріп, кейбір бөліктерін автокөлікпен жүріп, тыңғылықты шолып қаралды. Зерттеу барысында қоныс, тұрақтар мен қыстаулардың орны ізделіп, жаңадан бірнеше археологиялық нысан анықталды. Анықталған нысандардың сипаттамасы, графикалық суреті мен фотосуреттері жасалды. GPS координаттары соғылып, спутниктік картадан орны анықталды. Олар:

1) Қарағайлы мекені. Атырау облысы Махамбет ауданы, Сарайшық ауылынан батысқа 20 км, Таңдай ауылынан оңтүстікке 15 км жерде. Ащысай өзегінің қазіргі кезде кеуіп қалған тармағы бойында орналасқан.

2) Ешім ата тұрағы. Атырау облысы Махамбет ауданы, Талдыкөл ауылынан батысқа 9 км жерде. Тұрақ аумағы 50х60 м. Қазір құрғап қалған Ақтікенсай тармақтары бойында орналасқан.

3) Жорғатай тұрағы. Атырау қаласы Алмалы ауылынан батысқа 7 км. Тұрақ аумағы шамамен 200х100 м. Сарыөзектің ескі арнасының батыс жағында орналасқан.

4) Сарыөзек 1 тұрағы. Атырау қаласы Алмалы ауылынан солтүстік-батысқа 3 км жерде. Тұрақ аумағы 200х120 м. Сарыөзек арнасының оңтүстік жағында орналасқан.

5) Сарыөзек 2 тұрағы. Атырау қаласы Алмалы ауылынан батысқа 5,3 км жерде. Тұрақ аумағы 100х60 м. Сарыөзектің ескі арнасының батыс жағасында орналасқан.

6) Сарыөзек 3 тұрағы. Атырау қаласы Алмалы ауылынан оңтүстік-батысқа 5 км жерде. Тұрақ төбелі биік келген жерде орналасқан, аумағы 130х130 м. Сарыөзек арнасы тұрақты солтүстік және батыс жағынан айналып өтеді.

7) Тоқтар қаласы. Атырау қаласы маңында, Х.Доспанова атындағы Атырау халықаралық әуежайының батыс жағында, Мостовой арнасының солтүстік жағында орналасқан. Ескерткіш аумағы 450х300 м, пішіні төртбұрыш. Бұл жерде ғимараттар орны төбешік боп қалған.

8) Батаға тұрағы. Атырау қаласы Еркінқала ауылынан батысқа 5 км жерде. Бұл жерде XVIII ғасырда казактар балықшылар батағасын орналастырып, теңізден аулаған балықты тұздайтын цех ашқан. Оның өнімдерін желкенді қайықтарымен Астраханға, ішкі Ресейге тасыған екен.

Анықталған нысандарды бір сызық бойымен қосқан кезде Сарайшықтан оңтүстікке тағы бір жол болғаны байқалады. Бұрын Сарай-Бату бағыты мен Қажы-Тархан бағытына қарай жүрген жол болса, енді оңтүстікке, Каспий теңізіне қарай бағыт алған жол болғаны анықталды.

Барлау жұмыстары ҚР Мәдениет және спорт минстрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы (жетекшісі т.ғ.д. Ұ.Ахметова) аясында жүргізілді.





Музей-қорықтың жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 1 маусымда бөлім қызметкерлері Сарайшық - Үргеніш аралығындағы көне керуен жолы бойымен зерттеу жұмыстарын жүргізіп археологиялық барлау экспедициясына шықты. Экспедиция Сарайшық – Білеулі – Шеңгелді – Таскешу – Бақашы – Ұшқан – Қосқұдық – Белдеулі – Құсшы тарихи ескерткіштері арқылы жүріп өтті. Экспедицияның құрамында музей-қорық археологтары А.Тұрарұлы, Ж.Байғалиев, А.Жұмабаев, Н.Жексенбаевпен қатар, т.ғ.к., археолог М. Касенов, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы, PhD, географ Э. Имашев болды. Экспедиция маршруты негізінде алтынордалық кезеңдегі Ұлы Жібек жолының сауда-керуен жолдары зерттеліп, картасы жасақталды. Атырау облысы аумағында Шеңгелді құдығы, Таскешу керуен-сарайы, Бақашы қорымы, Ұшқан қаласы тарихи ескерткіштері зерттелінді. Экспедиция барысында Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық музейінде болып арнайы дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге экспедиция мүшелері, музей қызметкерлері және жергілікті өлкетанушылар қатысты. Бейнеу ауданы көлеміндегі Құсшы керуен-сарайы, Барақ және Асау қорымдары, Ақпан үйігі, Белдеулі және Қосқұдық керуен-сарайы тарихи ескерткіштері зерттелді.

Барлау жұмыстары ҚР Мәдениет және спорт минстрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы (жетекшісі т.ғ.д. Ұ.Ахметова) аясында жүргізілді.






«Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкерлері 2022 жылы ел аузындағы аңыздарда айтылатын «Секер көл», «Алтын қайық» туралы тарихи деректер бойынша зерттеулер жүргізуді жоспарлаған болатын. Осы мақсатта зерттеу экспедициясы мүшелері танымал ғалымдар, көненің көзін көрген ақсақалдардан кеңес алып, сұхбаттар жүргізіп, көптеген сұрақтарға жауап іздеді. Алдымен, осы аңыз желісі тек Сарайшықта емес, көптеген алтынордалық қалаларға байланысты да айтылатыны анықталды. Сонымен бірге, Сарайшыққа қатысты нақты дәлел 1861 жылғы Сарайшықтың сызбасындағы «Хан көлі» аталған су қоймасының орны. Қазіргі кезбен салыстыра отырып бұл орын Ескі Сарайшық ауылының оңтүстік шетіндегі ойпаң келген жер екені анықталды. Ауыл аумағының кейінгі кезде өсіп, үлкеюіне байланысты көл орны құрғап, біршама тегістелген. Ол жерге тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар салына бастаған. Қазіргі кезде де біраз аумағы жеке меншікте және мемлекеттік мекеме территориясы саналады. Ауылдың байырғы тұрғыны Г.Әміровтың айтуынша, ХХ ғасырдың 40-шы жылдарына дейін бұл жерде колхоз егінін суаратын арықтар болғаны, айналадағы биік жерлерде түрлі ғимараттар тұрған. Сонымен қатар, ғалымдар, геология-минералогия ғылымдарының докторы, ҚР Жер қойнауының құрметті барлаушысы, марқұм Нәсіпқали Сейітовтен, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Болат Мұхамбетовтен, тарих ғылымдарының кандидаты Жеңісбек Мұстафиннен кеңес ала отырып, жер қабатына шурф қазылды. Жер қабатын беткі антропогендік мәдени және төменгі құмды-сазды топырақ құраған. Балық сүйектері, ұлу қабыршағы сияқты көл

табанына тән қалдықтар табылмады. Алдағы уақытта бақылау қазбаларын ауқымды әрі жүйелі түрде жүргізіп тұру қажет етіледі.






## 9.4 Архив жұмыстары

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі бөлімнің ғылыми қызметкері А.Жұмабаев ақпан айында «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» жобасы аясында Атырау облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архиві қорында Прорва-Астрахань лагерлерінің тұтқындар тарихына қатысты құжаттар бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізді.



Сәуір айында Өзбекстан Республикасына іс сапар жасалып, Ташкент, Нүкіс қалаларының архивтері мен ғылыми мекемелерінде бөлім қызметкерлері А.Жұмабаев, Ж.Байғалиев жұмыс жасады. Олар ғылыми жоба жетекшісі Ұ.Ахметовамен бірге Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Ә. Бируни атындағы Шығыстану институтында, Ә.Науаи атындағы Ұлттық кітапханада және Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Қарақалпақстан бөлімі Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар зерттеу институтының оқу залында ізденіс жұмыстарын жүргізді.







Сонымен қатар, маусым-шілде айларында ғылыми қызметкер А.Жұмабаев ғылыми жоба жетекшісі Ұ.Ахметовамен бірге РФ Мәскеу қаласына, Ресей Федерациясы Мемлекеттік Архивінде Батыс Қазақстанның керуен жолдарына байланысты ізденіс жұмыстарын жүргізіп, ғалымдармен ғылыми байланыстар орнатты.



Сарайшық Сапар орталығындағы музейлендіру жұмыстарының жандану мақсатына байланысты музей-қорықтың ғалым хатшысы А. Жұмабаев Ресей Федерациясы Астрахань қаласындағы Астрахань мемлекеттік біріккен тарихи-сәулет музей қорығына және болашақта Сарайшықтың археологиялық қазбаларына археолог әріптестерді тарту мақсатында 2022 жылдың 18-26 желтоқсан аралығында Астрахань қаласына іс-сапарға барды.





20 желтоқсанда ғылыми қызметкер Ж. Байғалиев пен археолог Н. Жексенбаев Ақтау қаласында арнайы іс-сапарда болып, «Маңғыстау» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығында Батыс Қазақстандағы алтынордалық қалалар, керуен-сарайлар және көне орындарға байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысты.




### 9.5 Археология жұмыстары

<u>Археологиялық қазба.</u>

1. 2022 жылғы 8 тамыз – 8 қыркүйек аралығында ортағасырлық Сарайшық қаласының археологиялық қазба жұмыстары өткізілді. Қазба жұмыстары №3 қазбада жалғасты. Қазба барысында №1 бөлме мен ғимараттың солтүстік қабырғасы арасында ені 70 см, ұзындығы 4 м болатын дәліз бар екені анықталды. Дәліздің шығыс шетінде тандыр пеш орнатылған. Ғимараттың солтүстік-батыс бұрышының сыртқы жағында қатар орналасқан 2 тандыр пеш ашылды. Бұл тандыр пештер көлемі үлкен боп келеді. Диаметрлері 60 см, биіктіктері де 60 см, қабырғасының қалыңдығы 5 см. Екі пештің арасы 20 см. Қазбаның солтүстік-шығыс жағынан қазылған аумақта, ғимарат сыртында, 3 адамның жеке жерленімдері кездесті және шаруашылық мақсатта қазылған шұңқыр анықталды. Шұңқыр ішінен қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері және ерекше айта кетер нәрсе дөңгелек ойықтар ойылған қойдың жауырын сүйектері табылды. Өңделген жауырын сүйектерінің саны – 9. №5 бөлменің оңтүстігінде №7 бөлме ашылды. Көлемі 510×375 см. Едені саз балшықпен сыланған. Бөлмені тазалау барысында қыш ыдыс сынықтары, мыс тиындар табылды. №8 бөлме №7 бөлменің оңтүстігінде орналасқан. Есігі №7 бөлмеге шығады. Бөлменің батыс жағында дәліз орналасқан. Бөлменің көлемі 310×400 см. Қабырғалар сыртында саз балшықты сылақ іздері бар. Бөлмеде П-тәріздес суфа орналасқан. Суфада тандыр пеш орналасып, суфа ішімен одан екі кан арналары оңтүстік бағытқа шыққан. Кан бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышында қабырға ішімен кеткен мұржаға жалғасқан. Бөлмеден мыс тиындар, жылқы бейнесіндегі құлып, 2 шырағдан, қыш ыдыс сынықтары табылды. №9 бөлме алдыңғы бөлмелерден жоғары мәдени қабатта анықталды. Бұл бөлменің есігі солтүстік қабырғаның шығыс жақ шетінде орналасқан, қуыс дәлізге шығады. Есіктен батысқа солтүстік қабырғаға тақала тандыр пеш орналасқан. Бөлменің көлемі 575х475 см. Еден саз балшықпен сыланған. 2022 жылғы қазба жұмыстары нәтижесінде ғимараттың солтүстік шеті анықталды. Ұзын шығыс қабырға №8 бөлменің шетінен үзіліп, ішке кіретін есік орны пайда болды. Ғимарат әр кезеңде

жаңартылып, құрылысына өзгерістер енгізіліп отырған. Көлемі, ішкі құрылысына қарағанда жай тұрғын-жай емес, қонақ қабылдау қызметін атқарған қоғамдық ғимарат деген болжам расқа айналуда.

Қазба жұмыстары ҚР Мәдениет және спорт минстрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы (жетекшісі т.ғ.д. Ұ.Ахметова) аясында жүргізілді.





2. Сарайшықтан батысқа 20 км жерден жаңадан анықталған Қарағайлы мекенінде 20 қазан - 10 қараша аралығында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Ескерткіштің батыс жағында биіктігі 40 см-дей болатын төбешік күйіндегі нысанға қазба салынды. Қазба барысында қыш кірпіш пен саман кірпіштен аралас тұрғызылған ғимараттың орны анықталды. Ғимарат 2 бөлмеден тұрады. Үлкен бөлме көлемі 4,8х4,8 м, кіші бөлме көлемі 4,8х2,4 м. Қабырғасының қалыңдығы 1,25 м. Сақталынған биіктігі 80 см. Бөлмелер еденіне қыш кірпіштер төселген. Есігі оңтүстік жағында пештак түрінде орналасқан болса керек. Ғимаратты зерттеу барысында алтынордалық кезеңге жататын мазар екені анықталды. Қабырғалардың сыртқы жағы түгелдей қыш кірпіштерден өріліп, ортасына саман кірпіштер салынған. Барлық кірпіштер көлемі бірдей, 25х25х5 см. Мазардың сыртқы жағына қабырғаға тақап ұзындығы 37-39 см, қалыңдығы 9 см саман кірпіштерді екі қабат төсеген. Бұл қабырға іргесіне су сіңірмеу үшін жасалған. Ал оңтүстік, алдыңғы жағында ұзындығы 40 см қыш кірпіштер төселген. Порталдағы кірер ауыз есіктің кеңдігі 2,3 м. Порталдың екі бұрышы төрт қырлы пилястрмен бекітілген. Сыртқа 5 см-дей шығыңқы болса, қалыңдығы 50 см шамасында. Кірер ауыздағы кіші бөлме едені әуелі сазбен сыланған. Содан кейін қыш кірпіштер төселген. Бірақ, көп бөлігінің кірпіштері жиналып алынған, тек шығыс, солтүстік және оңтүстік жағында аздаған қірпіш төсенділер бөліктері қалыпты. Екі бөлмені бөліп тұрған қабырға қалыңдығы 1,3 м. Ал есік орнының кеңдігі 1,2 м. Табалдырық биіктігі 6 см. Бұл жерде есік босағасынан қалған ағаш қалдығы сақталған. Оның қалыңдығы 25 см, биіктігі 7 см. Ағаштың екі шеті қабырғаға 1,5 см кіріп тұр.

Сәулеттік ескерткіш ішінде 6 адамның жерленімі бар екені белгілі болды. Оның 1-і кірер бөлменің солтүстік-батыс бұрышына жерленген. Болжам бойынша бұл 20-25 жасар жас әйел адамның мүрдесі. Бұл сүйектен генетикалық зерттеу үшін ғылыми үлгі алынды.

Үлкен төргі бөлменің ортасында 2 жерлеу орны анықталды. Олардың үстіне қыш кірпіштен баспалдақты қабір үсті белгісі салынған. Үштас түріндегі қабір үсті белгілері жерлеу шұңқырына қарай отырып қисайып кеткен. Жерлеу шұңқырының ұзындығы 2,6 м, ені 1,3 м және 2х1 м. Еденнен 60 см тереңдіктен кейін, шұңқыр ортасына жарма қазылған. Екі жағы ені 30 см-дей тіреу ретінде қалған. Бұл екі жерленімнің оңтүстік жағында ер адам жерленген, солтүстік жағында әйел адамның қаңқасы табылды. Әйел адамның аяқ жағынан қыш құмыра, бас сүйегі айналасынан бір шөкім мата қалдығы табылды. Сондай-ақ мәйіттің астына ағаш тақтайлар қойылып, үстіне тері жамылғы жабылғаны байқалады. Тақтай ағаштары темір шегелермен бекітілген. Ер адам шамамен 30 жаста, әйел адам 20-25 жаста деп болжанды. Екі сүйектен де генетикалық зерттеуге ғылыми үлгілер алынды.

Бұл жерленімдерден шығыс жағында шығыс қабырғаға тақалып жас сәби баланың жерленген орны анықталды. Шұңқыр көлемі 120х50 см.

Басқа 2 жерленім кейінгі кезге жататынына көмілген топырақ құрамында мазардың қираған кірпіш сынықтарына толы екені дәлел. Оның бірінен сүрленген түзу тақтайдан жасалған табыт қақпағы шықты. Олар шамамен ХХ ғысырдың басында жерленген болса керек.





Өзге де ғылыми жұмыстар

1. Музей-қорықтың аға ғылыми қызметкері, нумизмат, т.ғ.к. П.Петров 2019 жылғы Сарайшық қазбасынан табылған тиындарды атрибуциялаумен айналысып, ғылыми басылымға мақала ұсынды. Одан басқа, 2021-2022 жылы табылған күміс тиындар көмбесін тазалап, оларды атрибуциялау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сарайшық тиындарына арналған буклет дайындалды.






2. Аға ғылыми қызметкер, археолог В.В.Плахов Сарайшық және Қарағайлы қазбалары бойынша кеңесшілік етіп, қазба жұмысының сипаттамасын, сызба суреттерін дайындаумен айналысты. Сонымен бірге қазба орнын топографиялық түсірілімін жасады.





### 9.5.1 Ортағасырлық Сарайшықтағы «Хан моласы»

Бүгін, 2022 жылғы 22-ші сәуірде «Сарайшық» музей-қорығында «Хан моласы» қазбасындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша Сарайшық ауылы ақсақалдарымен кездесу жиналыс өткізді. Жиналыста музей-қорық директоры, т.ғ.д., Ә.Мұқтар, Махамбет аудандық мәслихатының хатшысы Қ.Мәжиев, Сарайшық ауылының әкімі Ж.Пазылов, Сарайшық ауылының имамы Ж.Кенжеалиев, а.ш.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, «Биология, геоэкология және құрғақ жемшөп өндірудің ғылыми-өндірістік орталығы» жетекшісі Б.Мұхамбетов, Сарайшық ауылының байырғы тұрғындары, еңбек ардагерлері Ғ.Амиров, И.Сұлтанов, Ж.Құралбаева, Қ.Хайруллина, Б.Маслов, Д.Құспанов, Ж.Тоқабаев, Н.Қарашин ауылы тұрғындары Н.Ұзақпаев, Н.Жексенбаев, «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкерлері, археолог А.Тұрарұлы және ғалым хатшысы Ж.Диярова қатысты. Жиналыста музей-қорық директоры, т.ғ.д., Ә.Мұқтар «Хан моласы» қазбасының маңызы жөнінде баяндап, археолог А.Тұрарұлы қазбада атқарылған жұмыстар нәтижесін хабарлады. Сөз сөйлегендер ішінде мәслихат хатшысы Қ.Мәжиев Сарайшықты дамыту үшін облыстық деңгейдегі ерекше статус беру жөнінде айтты. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры Б.Мұхамбетов «зерттеу кезінде кейбір тарихи әдебиеттерде кездеспейтін дереккөздерге де мән беруді ойластырған жөн» десе, ауылы имамы Ж.Кенжеалиев мәселеге қатысты ҚМДБ шығаратын пәтуа жөнінде хабарлап, діни шариғат жолында ғылыммен қайшылықтар жоқ екенін мәлімдеді, ауылдың байырғы тұрғындары И.Сұлтанов, Ж.Құралбаева, Ғ.Амиров, Қ.Хайруллина Сарайшық туралы өз естеліктерімен, ой-пікірлерін, өтініштерін жеткізді. Жиналыс соңында қатысушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарының дамуына бірауыздан қолдау білдіріп, дауыс берді.



2022 жылдың 1 – 31 тамыз аралығында «Хан моласы» қазбасында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қолдауымен археологиялық қазба жұмыстары  жүргізілді. Музей-қорық археологтары А.Тұрарұлы мен А.Жұмабаев қазба жұмысына қатысты. Қазба орнында бұрын зерттелген 100 шаршы метр аумақ батыс және солтүстік бағытқа ұлғайтылып, жалпы қазбаның аумағы 300 шаршы метрге жетті. Бұл жаңа қазылған аумақ беткі қабаттан 80-100 см тереңдікке дейін қазылды.  Одан кейінгі кезде жерленген адам қабірлері анықталып, маңызды археологиялық нысан тіркелген жоқ. Осы қазба ішінен солтүстік-батыс бұрышқа таман көлемі 5,5х2,7 м, тереңдігі 3,2 м шурф

қазылды. Шурфта көрсетілген мәдени қабаттарға қарап бұл аумақта құрылыс қалдықтарының айқын іздері болған кезге дейін де адамдар тұрғаны белгілі болды. Мұны материкке дейінгі алдыңғы қабаттан көреміз. Оның қалыңдығы шамамен 20 см. Ол шикі және күйдірілген саз кесектері, карбонаттар, күл және қоңыр түсті борпылдақ қабаттардың қосындылары бар әрқайсысы қалыңдығы 3-5 см сұр және сұр құмды саз қабаттарынан тұрады. Кейіннен ол жердің топырағы материкке дейін алынып, материктік қабатқа кан арнасы бар қарапайым пеш ошағы салынды. Бұдан кейінгі кезеңде оның бәрін Алтын Орда дәуірінде қызғылт сазды топырақтан құйылған ғимарат қабырғасы жауып тастаған. Бұл ғимараттың іргетасы материкке салынған, оның алдындағы адам іс-әрекетінің алғашқы іздері бар қабат тазаланып күреліп алынған. Кейіннен бұл ғимаратта қирап, оның үйінділері тегістеліп, үстіне жаңа ғимарат тұрғызылған. Оның қабырғалары мен ішкі құрылыстары пахса блоктарынан тұрғызылғаны байқалады. Кейіннен бұл ғимарат өрт салдарынан жойылған, оның төбе жабындысының күлі біршама қалың, әрі үлкен аумақты алғандықтан өрт осы тұрғын ауданды түгел жалмаса керек. Бұл сипатталған қабаттың үстіне әр түрлі деңгейде сұр кірпішті қабырға бөліктері, балшық топырақпен толтырылған қабырғалар бөліктері көрінеді. Олар беткі қабатқа жақынырақ, іргетас қалдықтарымен және кейінгі кездегі қызыл қыш кірпішті ғимараттар қабырғасының құландыларымен толықтырылған. Кірпіштер алебастр ерітіндімен бекітілген, кірпіш көлемі 23х23х5 см. Олар Сарайшықта XV-XVI ғасырларға тән келеді. Осы кезден бастап бұрын тұрғын жайлар болған бұл жерлерге алам жерлене бастаған.

Табылған жәдігерлер ішінде бірнеше мыс, күміс тиындар, ғимараттар сыртын әшекейлейтін сырлы қыш тақталар, сүйек және қыш бұйымдар фрагменттері бар. Сондай-ақ топырақтан тазартылған бір бөлме еденінен көп мөлшерде қой жауырындары табылғаны назар аудартты. Бұл бөлмеде қазақтың жауырыншылық өнерімен байланысты, бақсылық, көріпкелдікпен айналысқан болуы мүмкін деп саналады.





## 10 Ғылыми қор және музей қызмет көрсету жұмыстары

Ғылыми қор және музей қызметі бөлімі 2022 жыл бойынша атқарылуы тиіс жылдық жоспармен танысып, бөлім қызметкерлері өз міндеттерімен танысты. 2022 жылы бөлімінде қызметкерлер толығымен жұмыс істеді: бас қор сақтаушы, қор сақтаушы, экскурсовод, әдіскер, суретші-реставратор, музей-қараушы.

Бекітілген жылдық жоспар бойынша барлық жұмыстарды атқарылды.

### 10.1 Қор жұмысы

Ғылыми қор және музей қызметі бөлімі жылдық жоспарға сай қор бөлімінің құжаттарын талап бойынша реттеу жұмыстарын жүргізді.

Жыл басында 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасын жүзеге асыру мақсатында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында тамыз-қыркүйек айларында археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған 59(140) дана, «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері(1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» жобасы бойынша ұйымдастырылған экспедициялардан 28 дана (Бұрыншық мүйісі, Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы), 61(95) дана (Прорва аралы, Атырау облысы Жылой ауданы) жәдігер тиісті құжаттары толтырылып, жәдігерлерді қабылдауға беру туралы арнайы комиссияға жіберілді.

Қор сараптау және сатып алу комиссиясының 4 отырысы өтті. Отырыстарда жәдігерлерді қабылдауға беру туралы арнайы комиссияға жөнелтілетін тізімді, «Музейге-сый» акциясы бойынша биылғы жылы қабылданған 149 дана жәдігерді және Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің музей қорынан қабылданған 2 дана жәдігерді тұрақты қабылдауға алу туралы шешімдер шығарылды.

Музей қорында негізгі қорда – 2000, қосымша қорда – 2600, уақытша қорда – 330 жәдігер тіркелген.

Музей қорындағы 13 дана жәдігердің 3D форматы дайындалып, мекеменің сайтына орналастырылды. Қазіргі таңда 19 жәдігердің 3D форматы бар.

### 10.2 Музей-қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы

2022 жылы Қор сараптау және сатып алу комиссиясының отырысында «Музейге-сый» акциясы бойынша биылғы жылы қабылданған 149 дана жәдігерді және Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің музей қорынан қабылданған 2 дана жәдігерді тұрақты қабылдауға алу туралы шешімдер шығарылды.

6 сәуір күні Мысыр Араб Республикасына «Атырау» телеарнасының «Каспийден кеткен қыпшақтар» жобасы бойынша барып қайтқан тарих ғылымдарының докторы, профессор Аққали Ахмет «Сарайшық» музей-қорығына Бейбарыс сұлтан мешітінің бірнеше кірпішін әкеліп тапсырды. Осылайша Бейбарыс бабамыз тарихы Алтынордалық Сарайшықпен байланыстырылды.

 


27 маусым күні «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына Атырау қаласының тұрғыны Аманжан Жолдасов келіп, музей тарихымен танысып, өзі жинаған жәдігерлерін сыйға тартты. Музей қоры патшалық ресейдің, қазіргі заман тиындарымен, жүзікпен, балық ауының батырғыларымен, керамикалық ыдыс фрагменттерімен, яғни 144 дана жәдігермен толықты.



23 караша күні Атырау облысы Құрманғазы ауданы Алға ауылының тұрғыны Меруерт Қабиева «Сарайшық» музей-қорығына әкесі Ахмет Қабиевтің шебер қолынан шыққан жиһаз - жастағашты тапсырды. Ахмет Қабиев (1929-1974 жж) «Комунизм жолы» совхозында құрылысшы боп жасаған. Әйелі Күлшатқа арнап жасалған жастағаш ендігі жерде «Сарайшық» музей-қорығы экспозициясынан өз орнын табады.



7 желтоқсан күні "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің музей қорынан ортағасырлық Сарайшық тарихын айқындайтын екі дана жәдігерді республикалық меншікке қабылдап алды.







## 10.3 Ғылыми кітапхана

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы «Кітап иесін іздейді» акциясын жүзеге асырып келеді. Акцияның мақсаты музей-қорық ұсынған кітаптардың ішінен ұнағанын өз кітабына айырбастап алу. Биылғы жылы өткізілген жылжымалы көрмелер барысында осы акция бойынша музей-қорықпен кітап айырбастаған көрермен саны да көп болды. Музей кітапханасы жүзеге асқан акция барысында 100-ден астам кітапқа көбейді. Акция жалғасын болашақта да табатын болады. Қазіргі таңда ғылыми кітапхана қорына 500-ге жуық кітап жинақталды.







Ғылыми кітапхана қоры



### 10.4 Экспозиция-көрме жұмыстары

2022 жылы музейдің көрме залында 3 рет тұрақты экспозиция жасақталды. Жыл бойына көрмелерді 18586 көрермен тамашалап, 3 838 800 теңге ақылы табыс түсті. Атап көрсетсек, 2022 жылы 14 көшпелі көрме ұйымдастырылды. Атырау қаласында – 9 көрме, Махамбет ауылында – 1 көрме, Махамбет ауданы ауылдарында – 4 көрме ұйымдастырылды. Көшпелі көрмелерді тамашалауға 5709 көрермен келді, 590 мың теңге ақылы табыс түсті.

| **№** | **Ай** | **Көрме тақырыбы** | **Көрерме ндердің саны барлығы (адам)** | **Көрме саны барлығы (бірлік)** | **Формат** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Халықаралық** | | | |
| **1** | 03.02. | Дағыстан Республикасының "Дербент" мемлекеттік тарихи-архитектуралық және археологиялық музей-қорығының Нарын-қала архитектуралық кешеніне онлайн саяхат | 424 | 1 | **Онлайн** |
| **2** | 29.04. | Дағыстан Республикасының "Дербент" мемлекеттік тарихи-архитектуралық және археологиялық музей-қорығымен өзара ынтымақтастық келісімшарты аясында әріптестерге онлайн көрме | | 1 | **Онлайн** |
| **3** | 08.09. | Дағыстан Республикасының "Дербент" мемлекеттік тарихи-архитектуралық және археологиялық музей-қорығының XIII-XIX ғасырлардағы архитектуралық ескерткіш ғимаратында орналасқан «Ежелгі Дербенттің мәдениеті мен тұрмысы» музейінің нысаны - «Қыздар моншасына» саяхат | | 1 | **Онлайн** |
| **4** | 24.09. | Башқұртстан Республикасы Уфа қаласының қалалық округінің муниципалды бюджеттік мекемесі «Уфа қаласының тарихы» музейімен | | 1 | **Онлайн** |
| **5** | 19.10 | Саха Республикасындағы "Таата" Ытык-Кюель әдеби-көркем музей-қорығымен ынтымақтастық келісімшарты аясында әріптестерге онлайн көрме | 296 | 1 | **Онлайн** |
| | | **Республикалық** | | | |
| **1** | 02.11. | Қызылорда облыстық тарихи – өлкетану музейімен мәдени байланыс аясында онлайн –көрме өткізілді. | | 1 | **Онлайн** |
| **2** | 09.11. | «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық музейімен | | 1 | **Онлайн** |
| **3** | 21.12. | «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығымен | | 1 | **Онлайн** |
| **4** | 31.05. | 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін | 200 | 1 | **Офлайн** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрбандарын еске алу күніне орай «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Атырау қаласындағы Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінде «КСРО-дағы қуғын-сүргін: Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.)» атты көрме | | | |
| **Көшпелі көрмелер** | | | | | |
| **1** | 02.02. | Қазақстан халықтары ассамблеясының Атырау облысы әкімдігі "Қоғамдық келісім" КММ-де "Ғасырларды жалғаған қол еңбегі" атты көрмесі | 180 | 1 | **Офлайн** |
| **2** | 16.02. | Атырау қаласында "Ait gallery" заманауи өнер галереясында Көркемсурет туындылары көрмесі | 120 | 1 | **Офлайн** |
| **3** | 31.05. | 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Атырау қаласындағы Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінде «КСРО-дағы қуғын-сүргін: Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.)» атты көрме | 200 | 1 | **Офлайн** |
| **4** | 01.06. | Махамбет ауылындағы «Жастар саябағында» Балалар жылына арналған «Бақытты болсын балалар!» атты Сарайшық селолық округінің өнер фестиваліне «Сарайшық» музей қорығының "Ортағасырлық Сарайшық-Қазақ елінің астанасы" тақырыбындағы көрмесі | 200 | 1 | **Офлайн** |
